

ӘОЖ 81'42(075.8)

ГТАХР 16.01.11

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.010>

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ «ҚУАНЫШ» ЖӘНЕ «МҰҢ» КОНЦЕПТІЛЕРІНІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

*Испандиярова А.Т.¹, Досова А.Т.², Нурсейтова А.А.³, Акдаулетова Ж.А.⁴

*^{1,2,3,4} А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
Қостанай, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазақ халық лирикасы мәтіндегі концептуалдық құрылымдардың когнитивті сипаты қарастырылады. Когнитивті лингвистика тіл арқылы қоғамдық құбылыстар мен дүниені танып білудің танымдық-теориялық негіздерін қалыптастырады. Мақаламыз қазақ халқының ұлттық дүниетанымы үшін маңызды ұғымдардың бірі – *қуаныш және мұң* контрасты концептілері талдауға арналған. Талдау нысанына «Бабалар сөзі» жинағына енген тарихи жырлар, қара өлеңдер, ғашықтық дастандар алынды. Қуаныш және мұң ұғымдарына қазақ тілінің түсіндірмелі сөздіктерінен түсініктемелер беріліп, мән-мағынасы ашылды.

Ғылыми зерттеудің мақсаты қазақ халық лирикасы тіліндегі *қуаныш пен мұң* концептілерінің көрінісін ашу. Фольклорлық мәтіндердегі қуаныш пен мұң тілдік бірліктерінің когнитивті сипатын аша отырып, халықтың ақиқат дүние туралы көзқарасы, мәдени танымы мен тұрмыс-тіршілігімен байланысты тілдік деректерген қол жеткізе аламыз. Негізгі бағыттары қазақ халық лирикасы тіліндегі *қуаныш пен мұң* концептілеріне талдау жасау барысында сол дәуірдегі халықтың тұрмыс-тіршілігін, болмысын, мәдениетін тану.

Зерттеу барысында талдау, сипаттау, салыстырмалы, тұжырымдау әдістері қолданылды. Нәтижесінде қазақ халық лирикасы тілі мұқият талдауға, фольклорлық шығармалар тілінде кездесетін *қуаныш және мұң* концептілерінің мағынасын ашатын фреймдер, ойсурет, сценарийлік және схемалық құрылымдар жинақталып, талдаулар жүргізуге септігін тигізді. Жұмысымызда алғаш рет қазақ халық лирикасындағы *қуаныш пен мұң* концептілерінің танымдық сипаты айқындалып, тілдік бірліктерге концептілік талдау жасалынды. Жұмыстың тұжырымдары мен нәтижелері жоғары оқу орындарындағы өтілетін Стилистика және тіл мәдениеті, Когнитивтік лингвистика, Тіл білімінің жаңа бағыттары пәндерінің теориясын толықтыруға өз үлесін қосады.

Зерттеудің ғылыми құндылығы зерттеу нәтижелерін бағалау теориясын одан әрі тереңдетілген талдауға белгілі бір үлес қоса алатынымен айқындалды.

Мақаланың практикалық негізі когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттаным, этнолингвистика сияқты тіл білімінің жаңа бағыттарына қосылған үлес болып табылады деген ойдамыз. Мақаладағы концептілік талдауларды қазақ фольклортануына қатысты арнайы семинарларда пайдалануға болады.

Тірек сөздер: халық лирикасы, фольклор, болмыс, концепт, фрейм, тіл, дүниетаным, халық, қуаныш, ұғым

Кіріспе

Қазақ дүниетанымында қуаныш және мұң қатар жүретін ұғымдар. Адамның өмірі қарама-қайшылыққа толы оқиғалардан тұрады. Осы қайшылықтарды жеңу үшін адам болашаққа үміт артады, мақсат қояды және мұратына жетуге тырысады. «Бабалар сөзі» еңбегінде «қайғының арты қайырлы болсын», «әр істің қайыры бар» деген жұбаныш сөздер жиі кездеседі. Бұл сөздер адам баласына сүйеу болып, әрі қарай өмір сүруіне септігін тигізіп жатады. Қазақ халық лирикасындағы *қуаныш пен мұң* контраст концептісін айқындайтын тілдік бірліктер талдауға түсті. Адамның психологиялық күйін, ішкі жанын, күйзелісін, толқуын, шаттыққа бөленген жайын ашатын эмоционалды концептілерді анықтай отырып, концептілік құрылымдардың берілу жолдарын көрсетуге тырыстық.

Адамның өмірінде қуаныш пен мұң бірге жүретін факторлар болып келеді. Қуаныштан шаттанып, күліп, кейде жылап та жатады. Ал қайғыдан жылап, арты қайырыммен аяқталып жатады. Міне, бұл – адам өмірінде болатын табиғи сезімдер. Эмоцияның әсерінен адам күліп, қуанып, мұңайып, жылап, секіріп, шаттанады. Мұндай сезімдерді сөзбен жеткізу мүмкін емес. Тек қана адамның эмоциясы арқылы сырт көзбен байқай аламыз. Мақаламызда осындай эмоцияны бере алатын *қуаныш пен мұң* концептісінің танымдық сипатын анықтап, концептілік талдау жасауды мақсат етіп отырмыз. Зерттеу нысанына «Бабалар сөзі» жинағына енген тарихи жырлар, қара өлеңдер, ғашықтық дастандар алынды. Фольклорлық шығармаларда қуану, шаттану сезімдері мынандай сөз тіркестері арқылы көрініс тапқан. Мысалы: қуанышқа бөленді, қуаныш әкелді, қуанышқа кенелді, қуаныштан жүрегі жарылып кетті (ауыспалы мағынада), қуанышы қойнына сыймады, қуанышында шек болмады, қуаныш оты жарқ етті, қуанышын жасыра алмады т.б.

Қазақ ұлтының түйсігіндегі қуаныш, мұң ұғымдарының мәнін тану бабаларымыздың халық лирикасынан бастау алады. Себебі халық лирикасында қазақ халқының жүріп өткен жолын, таным-түсінігін көре аламыз. Сондықтан, жұмысымызды қазақ халық лирикасындағы *қуаныш, мұң* концептілерінің танымдық сипатын зерттеуге арнап отырмыз.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Мақаламызда «Бабалар сөзі» еңбегіндегі «Қара өлең», «Тарихи жырлар», «Ғашықтық дастандар» жинақтары талдауға түсті. Осы еңбектерге жүгіне отырып, *қуаныш пен мұң* концептілерін қолданудағы лингвистикалық талдауға бағыт алып отырмыз. Зерттеу барысында талдау және жинақтау, сипаттау, салыстырмалы, тұжырымдау әдістері қолданды.

Талқылау

Б.А. Серебренников: «Тіл мен ойлау екі түрлі сала болғанмен әрқашан өзара қарым-қатынаста болады [1, 16 б.], - дей келіп, олардың қатынасынан «дүние бейнесі» танылатындығын айтады. Оның бірі – концептілік бейне, екіншісі – тілдік бейне. Мұның біріншісі – ұғынуға қатысты, екіншісі – тілде бейнелеуіне қатысты. «Дүниенің бейнесі» дегенді ақиқат немесе бейақиқат болмыстың көрінісі деп түсінген дұрыс.

Біз өз тарапымыздан когнитивтік терминтанымда термин кәсіби дискурс бірлігі ретінде қарастырылып, кәсіби тілдік тұлғаның когнитивтік іс-әрекетінің нәтижесі тұрғысынан зерттелуі қажет дейміз [2, 170 б.].

Контраст концептілер — бірінсіз бірі болмайтын, бірін екіншісі толықтырып отыратын немесе бірінен кейін бірі жүретін, тіпті бір -біріне қарама-қарсы тұратын ақиқат дүниелердің жұптасып қана танылуы (Өмір/өлім, қала/дала, бақыт/қайғы) [3].

Эмоционалды концептілер әлемнің эмоционалды лингвистикалық бейнесін қалыптастыру үшін маңызды, өйткені олар эмоционалды, құндылық және бағалау сипаттамаларымен ерекшеленеді.

Фольклорлық шығармаларда қуаныш ұғымының мағынасын ашатын мынандай сөз тіркестері кездеседі: «рахат сезімі», «ішкі қанағаттану», «мұндай сезімнің сыртқы көрінісі», «мұндай сезімді қоздыратын нәрсе» (сөйлесу стилінде).

Әрбір тіл, халықтың дүниетанымы белгілі бір контексте тілдік бірліктердің іске асырылуын анықтайды, бұл қазақ тілінің ұлттық корпусының материалдары негізінде біз жасаған контекстік талдаудың маңыздылығын көрсетеді.

Зерттеу барысында *қуаныш және мұң* концептілерінің сыртқы өзгерістерге әкелетіні анықталды. *Қуаныш пен мұң* ұғымдарын белгілі бір әрекеттер мен сезімдер және күйлер арқылы көруге болады. Мысалы: ұру, жылау, шапалақтау, кездесу, сөйлеу, дірілдеу, айқайлау, ән айту, бару, ұру, дұға ету, құшақтау, ұйқышылдық, секіру, күлу және т. б. Белгілі бір сезімдер мен күйлер арқылы көрініс тапқан: қорқу, дірілдеу, тұншығу, ашулану, еске түсіру, бұлыңғыр болу, құлау, жарқырау, тыныс алу, есінен тану, өлу және т. б. Әр адам қуаныштан, мұңнан күледі, жылайды, секіреді, шаттанады, есінен танып қалады. Бұл *қуаныш пен мұң* сезімдерінің

әсерінен берілетін эмоциялық әрекеттер. «Бабалар сөзі» еңбегінде *қуаныш пен мұң* концептілері мынандай жағдайлар арқылы берілгенін атап айтып кетуге болады. Мысалы: баланың дүниеге келгені, отау көтеру, шайқастан жеңіспен оралу, ғашықтық сезім, ғашықтардың қосылмауы, шайқаста ерінен айырылуы, ұрыстан жеңіліспен қайтуы т.б.

Дүниеге баланың шыр етіп келуі ең үлкен бақыт болып саналады. Себебі сәбидің дүниеге келуі өмірдің бастауы, ұрпақтың жалғасуы. Қазақ халқы бала дүниеге келгенде азан шақыртып ат қою, шілдеhana, қырқынан шығару сияқты рәсімдер жасаған. Міне, соның бір көрінісін «Ләйлә – Мәжнүн» жырынан аңғаруға болады. Мысалы:

Қайыс деп сол баланың атын қойды,

Қуанып неше түрлі қылды тойды.

Қырық күндей кедейлерге тамақ беріп,

Меккеде талай құрбан түйе сойды [4, 54 б.]. Баланың дүниеге келгеніне қуанып, той жасап, құрбандық шалуы баяндалады.

Нәтижелер

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» қуаныш сөзін мына сөздер ашатыны көрсетілген: 1. Бір көргенге қуану сезімі; шаттық. 2. Ауысп. Біреудің көңілге медеу тұтарлық жұбанышы, қызығы. Қуаныш әкелді – қуантты, қуанышқа кенелтті. Қуанышқа батты [бөленді, кенелді] – мәз болды, шаттанды. Қуанышқа бөледі – қуантты, мәз етті. Қуаныш білдірді – бірге қуанды, қосыла қуанды. Қуаныш етті [қылды, көрді] – қуанды, мәз болды. Қуаныш құтты (қайырлы) болсын – қуанышты адамға айтқызатын игі тілек. Қуанышында шек жоқ [шек болмады] – қатты қуанды, шаттанды. Қуанышын жасыра [ішіне сыйғыза] алмады – мәз болды, шаттанды. Қуанышыңды жер көргір – жастай солғыр! Қуаныштан жүрегі жарылып кете жаздады – қатты қуанды, шаттанды. Қуанышы қойнына сыймады – мәз болды, шаттыққа бөленді [5, 528 б.].

Түсіндірме сөздікте: Мұң. 1. Қайғы, шер, қасірет. 2. Ауысп. Қиын, азап, күш. Мұңға батты – қайғырды, күйзелді, шерленді. Мұң екен - іле шала, артынша, күтіп отырғандай. Мұңын мұңдады – біреудің қайғысына бірге қайғырды. Мұңын шақты – біреуге мұңын айтты, зарын шақты [5, 602 б.].

Қуаныш пен мұң бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар. Халық лирикасында қатар қолданылып, бинарлық оппозиция құрайды. Бұл ұғымдар адам өмірінде болып жатқан жағдайларға байланысты эмоциямен берілетін сезімдер.

Фольклорлық шығармалар тілінде *қуаныш пен мұң* ұғымдары қатар жүретіні, мұңды көрмесе, адамның қуанышты бағалай білмейтіні сабақ етілген. Халық лирикасы шығармалар тілінде жиі кездесетін «қолда бардың қадірін біл», «бақыт, байлық қолда тұрмас», деген мақалдар да

қуанышыңды, қолға қонған бақытыңды қадірлей біл дегенді тиек етеді. Мысалы, бақыттың да адам баласына уақытша берілетіні, үнемі қолда тұра бермейтіндігі келесі өлең жолдарында баяндалған.

Үнемі қолда тұрмас бақыт-байлық,

Жаманның пайдасы жоқ шекем шайлық.

Бар болса ағайынның залалы жоқ,

Дегендей бірде сулық, бірде майлық [6, 32 б.]. *Бақыт-байлық «шекем шайлық, бірде сулық, бірде майлық»* деген ойсурет арқылы айқындалған. Бірде бар бірде жоқ болатын бақыттан ләззат алып, бағалай білу керектігін байқай аламыз. Бұл мысалдан қазақтың дүниетанымының даналығын, өмір тәжірибесінің молдығын аңғарамыз. Себебі *«алтынның қадірін біл»* деген мақал бекерден-бекер айтылмағанының дәлелі.

Т.А. Ван Дейк фрейм мен тілдік актіні танымның кешенді бір бөлігі деп есептеп, «фрейм – бұл аморфты емес жалпы білім, ол – концептуалды жүйе ретінде ұйымдастырылған білім. Фреймдер білімнің еркін бөлініп алынған бір ғана бөлшегі емес. Біріншіден, олар белгілі бір концепті айналасында ұйымдастырылатын бірліктер» деп сипаттайды [7, 16 б.]. Байқағанымыздай, ғалым фреймді конвенционалды (шартты) бірлік деп тұжырым жасайды.

Зерттеу барысында *қуаныш және мұң* концептілерінің мәнін ашатын *қуаныш–өзен, бағы жанған, қуаныш – тірек, қуаныш–құт, қайғылы жүрек, қайғылы өмір т.б.* фреймдер және *қайғыдан қан жылау, қайғыдан жүдеу, қайғыдан жынды болу, қайғыдан қаңғып кету т.б.* сценарийлік құрылымдар анықталды.

1-фрейм. Қуаныш – өзен.

Кей адам өзені көп көлге теңес,

Өзені көп болса да, көл көберсімес.

Кеңесіп ақылменен атқарған іс,

Ешқашан бекер босқа кеткен емес [6, 263 б.]. *«Кеңесіп ақылменен атқарған іс»* ойсурет арқылы жұмыла істеген іс жеңіл болатындығы, береке әкелетіндігі баяндалған. Кеңесіп ақылменен атқарған істің өзі қуанышты сәттердің бірі екендігін көреміз. Себебі ұйымшылдық, бір-біріне деген қамқорлық, қол ұшын беру сияқты әрекеттер адамның жанына жылулық сыйлай алады. ***Қуаныш – өзен*** фреймі қуанышты өзенге теңеу арқылы, ол сезімнің де уақытша екендігі баяндалған. Қуаныш өзен сияқты бір орында тұрмайды, адам өмірінде белгілі бір мезгілде қуанышты сәттерде ләззатқа бөленіп, уақытша сезімді бағалай білу керектігі айтылған. Және өзеннің өзі көл сияқты бір орында тұрмайтындығын *«өзені көп болса да, көл көберсімес»* деген сценарийлік құрылым арқылы аңғаруға болады.

Қуаныш деген – бұл бір орын алған оқиғаның салдарынан немесе ең бағалы адамдарының жанынан табылу себептерінен көңіл-күйдің көтерілуі, адамның шаттық сезімге бөленуі. Мысалы: *«Қыз Жібек»* жырында *Төлеген*

ел - жұртына аман-есен оралғанда, ата-анасы ұлының келгеніне қуанып, елді жинап, той жасайды. Яғни бұл – ата-анасының өздеріне аса қымбат жанның оралуына байланысты қуанышы.

Төлеген қайтыс болғаннан кейін Сансызбай әмеңгерлік жолмен және өзінің ерлігімен Жібекке үйленеді. Сонда Жібек Төлегеннің інісі Сансызбайға тұрмысқа шыққанына қуанады. Мысалы:

*Жібек тұрды қуанып,
Қуана басып бұралып,
Сансызбайдың ерлігі,
Жібекке болды сыналып [4, 776.].*

2-фрейм. Бағы жанған.

*Ел қорғаған ерлердің жанып бағы,
Ақыры жеңіл шықты ғой істің ағы.
Жұмылғанға жұдырық тағы берсек,*

Келісімсіз болмас па арғы жағы [8, 189 б.]. Бұл өлең жолдарынан елін қорғап, халқына бейбіт өмір сыйлай білген қазақ батырларының қайсар мінезін көре аламыз. Батырлардың абыройы – шайқастан жеңіспен оралуы. Олар ақтық демі қалғанша елінің азаттығы үшін жан аямай шайқасқан. Ел арасындағы алауыздықтарды тоқтатып, халқын бірлікте ұстаған. **Жанып бағы** фреймі «*жұмылғанға жұдырық тағы берсек*» деген сценарийлік құрылым арқылы ашылған. Көппен істелген жұмыстың қайырлы іс болатындығының дәлелі «*ақыры жеңіл шықты ғой істің ағы*» деген ойсурет арқылы анықталған.

3-фрейм. Қуаныш – тірек.

*Жүрегіміз бірде күліп, бірде жылап,
Сөз естіп тыңдайтұғын екі құлақ,
Баланың ата-анасы пірі болса,*

Болады бірі асқар, бірі бұлақ [8, 383б.]. Осы өлең жолдарынан бала үшін ата-ананың орны бөлек екендігі баяндалған. Ата-ана – ол қамқоршы, тірек, болашаққа бағдар берер тәлімгер. Ата-анасы бар адам – бақытты. Себебі оның арқа сүйері, құлағанда сүйеніш, жығылғанда жұбаныш бола алатын ең бір жанашыр жандары қасында. **Қуаныш – тірек** фреймі «*болады бірі асқар, бірі бұлақ*» деген ойсурет арқылы ашылған.

4-фрейм. Қуаныш – құт.

*Қуаныш құттықтайды, ел ұрандап,
Батыры баяғыдай тұр бұлаңдап.
Әкелген жүз жылқыны елге беріп,*

Алыпты мінуіне бір ат таңдап [8, 365 б.]. Батырының шайқастан еліне олжамен оралуы елі үшін үлкен қуаныш. *Ел ұрандап* ойсурет арқылы халқының бақытты күйін көз алдымызға елестете аламыз. **Қуаныш – құт** фреймі *қуаныш құттықтайды* тіркесі арқылы ашылған. Қазақ

батырларының жеңіспен оралуы еліне бақ, құт, тыныштық әкелген.

Әдетте «туған жерінен не жақын адамдарынан безінді, қол үзді; тілінен, ділінен безінді, мәңгүрттенді» дегенді ерекше әсермен айтқымыз келсе, қағынан жеріді, қағынан жеріген құландай бейнелі сөз тізбегінің бірін қолданамыз [9, 316 б.]. Осындай бейнелі сөз тізбектері фольклорлық шығармаларда кеңінен қолданыс тапқан. Мысалы: қайғыдан қаңғып кету, қайғыдан безіп кету, мұңға батты, мұңын шақты, қуанышы қойнына сыймады т.б.

«Бабалар сөзі» еңбегіндегі ғашықтық жырлар томында сүйгенінен айырылу, ата-ана қарсылығы, өлім, жылау сияқты сценарий желісі көптеп кездеседі. Қайғыдан қан жылады, қайғыға берілді, қайғы тартты, жеді, басты, шекті дегендер халық аузынан жиі естіледі.

Адам баласы ғашық болған кезде өзінің таңдап сүйген адамының қиналғанын, қайғырғанын, жылағанын қаламайды. Дәл осындай көрініс «Ләйлә-Мәжнүн» жырында да кездеседі. Мысалы:

*Қайысым жүрсе қуанып,
Қайғысын мен-ақ татайын.
Ғашықтықтық дертіне,
Күн сайын әрі батайын* [4, 56 б.].

Қайғылы жүрек – фрейм. Санада ассоциативтік таңбалар арқылы қалыптасады. Мысалы:

Бір түрлі жүрегінде қайғысы бар,

Білмеймін не себептен болды наза [4, 82 б.]. Ғашығына қосыла алмаған жаралы жүректің мұңы «қайғылы жүрек» фреймі арқылы ашылған.

Қайғыдан қан жылау – сценарий. Санада ассоциативтік таңбалар арқылы қалыптасқан. Мысалы:

*Атаң кәрі, інің жас,
Көзімді кімге саламын?
Бұл барғаннан келмесең,
Қайғыменен қан жұтам* [4, 88б.].

Қазақ фольклорлық шығармаларында жауапсыз махаббат, ата-анасының қарсылығы, әмеңгерлік, әйел теңсіздігі мәселелері көтерілген. Аталмыш шығармаларда көп ғашықтардың бір-біріне қосыла алмай махаббат дертінен құса боп, қайғы жұтқан жай-күйлері сценарийлік құрылымдар арқылы ашылған. Фольклор тілін талдау барысында *қайғыдан қан жылау, қайғыдан жүдеу, қайғыдан қаңғып кету т.б.* сценарийлік құрылымдар анықталды.

Мысалы қайғыдан жүдеу – сценарийлік құрылым санада стереотиптік таңбалар арқылы қалыптасады. *Қайғыдан жүдеу* сценарийлік құрылым арқылы Мәжнүннің ішкі жан күйзелісі мен ғашығына деген сағыныш мұңы анық баяндалған. Мысалы:

*«Ләйлә» деп зарланады ұзақ түнде,
Жүдеді қайғысы асып күннен-күнге [4, 92 б.].*

Қайғыдан қаңғып кету – сценарийлік құрылым санада мифологиялық танымы арқылы қалыптасқан. Мысалы:

*Зарланып келіп тұрмыз алдыңызға,
Бір балам ғашық еді хан қызына.
Қайғыдан қаңғып кетті диуана боп,
«Жынды» деп бермей қойды жалғызыма [4,98 б.].*

Әкесінің Ләйліні басқа адамға қосқаны туралы хабарды естіген ғашық жігіт жапан түзді кезіп кетеді. Елден жырақ кеткен Мәжнүннің көкірегі толған ащы шерін ұшқан құс пен жортқан аңнан басқа ешбір жан түсінбеген. *Қайғыдан қаңғып кету* сценарийлік құрылым Мәжнүннің қайғыдан жалғыз қалған шерлі жүрегінің зарын көз алдымызға елестетеді. Қайғыдан қаңғып кеткен Каис есімінің Мәжнүн деп аталып кетуінің басты себебі – осы еді. *Ғашықтық – қайғы* ойсурет *«ғашық оты өртеді ішін»* сценарийлік құрылым арқылы ашылған. Мысалы: *Жалындап ғашық оты өртеді ішін,*

Сол қайғы ақыл мен алды күшін [4, 101 б.].

Қайғыдан сорлау стереотиптік бірлік арқылы екі ғашық жүректің өзге адамдардың әрекетінен қосыла алмаған шарасыз күйлері көз алдымызға келеді:

*Сенің де жарын болса Ләйлә аттас,
Қайғылы сорлы болсаң өзім заттас.
Сен неге қанды жасты ағызбайсың,
Болып па ең ғашығынның дертінен тас? [4,105 б.]*

Қарсылықтың соңы өліммен аяқталғаны, елінен безген Мәжнүннің күйі *ғашықтық дерті* тіркесі арқылы ашылған. Ләйлі де ғашық дертінен қайғырып, мәңгілік тыныштық мекеніне аттанғандығын *«қайғыдан сорлау»* деген стереотиптік бірлік арқылы тануға болады.

Шер қайнар күн. Қазақ батырлары халқы үшін қорған, тірек, қамқор болған. «Ері бар елдің жері көгерер» деп қазақ халқы батырларымен мақтанып, жайма шуақ өмір сүрген. Батырынан айырылған халқының қорғансыз күйі баяндалған. *«Ыңырмақ атты ыңыр күн»* деген ойсурет арқылы батырынсыз халықтың туған күні *ығыр күн, шер қайнар күн* тіркестері арқылы ашылған. *«Түтінсіз бықсып көңілсіз»* сценарийлік құрылым арқылы халықтың мұңды күйі баяндалған.

*Арыстан едің, Байсейіт,
Атыңнан қапы жығылдың.
Жау алдынан жай тартқан,
Енді жауға тығын кім?
Басына тұмақ бар елдің
Ыңырмақ атты ыңыр күн.*

Түтіндей бықсып көңілсіз

Шер қайнар ығыр күн [8, 87 б.].

Қуаныш пен мұң қарама-қайшылықтарға ие болғандықтан оларды оппозициялық қатынаста қарастыруға тырыстық. Сол себепті оларды оппозиция ретінде қарастыру үшін, сөзіміз дәлелді болу үшін қуаныш пен мұң сөзін анықтайтын адам түйсігінде туындайтын ассоциациялардың жиынтығына сүйенуді жөн көрдік. Мысалы:

1. Қуаныштан адамның рухани дені сау, жүзі жарқын, мұңнан адам рухани дертке ұшыраған.

2. Қуаныш жылы, ыстық болады, мұң салқын, суық болады.

3. Қуаныш шаттыққа бөлейді, мұң көңілсіз, бейжайлылық күйге әкеледі т.б.

Қорытынды

Қазақ фольклорының жанры – қара өлеңдер, тарихи жырлар жинақтарындағы *қуаныш пен мұң* концептісі талдауға түсті. Эмоционалдық концептілерді талдау барысында қазақ халқының ұлттық танымын көрсететін фреймдер жинақталды. Эмоционалдық концептілердің мәнін ашатын фреймдер: *қуаныш–өзен, бағы жанған, қуаныш – тірек, қуаныш–құт, қайғылы жүрек, қайғылы өмір т.б. Және қайғыдан қан жылау, қайғыдан жүдеу, қайғыдан жынды болу, қайғыдан қаңғып кету т.б.* сценарийлік құрылымдарға талдау жасалынды. Әр фреймдік құрылыстың мағынасы жеке-жеке талдауға түсті. «Бабалар сөзі» еңбегіндегі *қуаныш пен мұң* концептісі арқылы сабырлық, адалдық, шыдамдылық, әділетсіздік сияқты қасиеттерді байқай аламыз. Эмоция әсерінен аңғармастан шығатын *жылау, дірілдеу, айқайлау, ән айту, дұға ету, құшақтау, ұйқышылдық, секіру, күлу, қорқу, тұншығу, ашулану, еске түсіру, бұлыңғыр болу, құлау, жарқырау, тыныс алу, есінен тану, өлу және т. б.* әрекеттер мен сезімдерді тануға болады. Әрине бұл қуаныш пен мұң сезімінің әсерінен берілетін эмоциялық әрекеттер.

Фольклорлық мәтіндегі тілдік бірліктер ұғымдарының мазмұнды болып келуі қазақ халқының мәдени ерекшеліктерін, ұлттық дүниетанымын сипаттауымен тығыз байланысты. Қара өлеңдер, батырлар жыры, ғашықтық жырлардың танымдық жүйесін айқындау барысында эмоционалдық концептілер адамның өмірінде әртүрлі жағдайлармен байланысты болып келетіндігіне көз жеткіздік. *Қуаныш пен мұң* концептісін суреттейтін фреймдер ата-бабаларымыздың танымдық ерекшеліктерін когнитивтік санада терең түсіндіруде қолданылғаны дәлелденді. Жинақталған фреймдік құрылыстар арқылы халықтың тұрмыс-тіршілігін, болмысын аңғаруға болады. *Қуаныш пен мұң* концептісі халықтық тәжірибе арқылы қалыптасқан, негізінен мазмұндық жағынан қоғамдық қызмет атқарушы

деген қорытынды жасауға болады.

Қазақ ұлттық дүниетанымында «қуаныш», «қайғы» халықтың тұрмыс-тіршілігін, сана-сезімін, толғанысын білдіретін ұғымдар болып табылады. Жұмысымызда *Бабалар сөзіндегі* фольклорлық шығармалар тіліне концептілік талдау жүргізу арқылы адам өмірінде қуаныш пен қайғы қатар жүретіні және екі ұғымның адамның эмоционалдық көңіл-күйін көрсетуге қызмет ететіндігі анықталды. Қуаныш пен қайғы ұғымдарын білдіретін тілдік бірліктерді бір-біріне контраст қою арқылы олардың мән-мағыналарын аштық.

ӘДЕБИЕТ

[1] Серебренников Б.А., Кубрякова Е.С., Постовалова В.И., и др. Роль человеческого фактора в языке: язык и картина мира. – Москва, 1998. – 240 с.

[2] Хасангалиева Б.К., Исакова С.С., Әлімбек Г.Р. Когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары // Еуразиялық гуманитарлық институтының Хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – № 4. – 170 б. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.11>

[3] Әмірбекова Г.Р. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі: фил.ғыл.канд. автореф. – Алматы, 2006. – 28 б.

[4] Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», т. 54: Ғашықтық жырлар. – 2009. – 456 б.

[5] Жанұзақ Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

[6] Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т.70: Қара өлең. – Астана: “Фолиант”, 2011. – 416 б.

[7] Ван Дейк Т.А. Язык, познание, коммуникация. – М.: Прогресс, 1989. – 310 с.

[8] Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2010.Т. 63: Тарихи жырлар. – 456 б.

[9] Хабиева А.А., Уәли Н.М. Қазақ тұрақты сөз тіркестерінің мәдени-танымдық мазмұны // «Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы» журналы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2025. – Том 73 №1 – Б. 311-324. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.021>

REFERENCES

[1] Serebrennikov B.A., Kubrākova E.S., Postovalova V.Ĭ., i dr. Röl chelovecheskogo faktora v yzyke: yzyk i kartina mira [The role of the human factor in language: language and picture of the world]. – Moskva, 1998. – 240 s. [in Rus.]

[2] Hasangalieva B.K., İskakova S.S., Älımbek G.R. Kognitivтік termintanyznyñ negızgı űsntanymdary [The main positions of my cognitive

term] // Eurazialyq humanitarlyq institutynyñ Habarşysy. Filologia seriasy. – 2023. – № 4. – 170 b. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.11> [in Kaz.]

[3] Ämirbekova G.R. Konseptilik qurylymdardyñ poetikalyq mätindegi verbalданu ereкшелігі [Conceptilik kurylymdardyn poetikalyk matindegi verbalданu yereksheligi]: fil.ğyl.kand. avtoref.– Almaty, 2006 – 28 b. [in Kaz.]

[4] Babalar sözi [Word of ancestors]: Jüztomdyq. T 71: Ğaşıqyq zhyrlar. – Astana: Foliant, 2009.– 456 b. [in Kaz.]

[5] Janūzaq T. Qazaq tiliniñ túsındırme sözdıǵı [Explanatory Dictionary of the Kazakh language] / Jalpy redaksiyasyn basqarǵan T.Janūzaqov. – Almaty: Daik-Pres, 2008. – 968 b. [in Kaz.]

[6] Babalar sözi [Word of ancestors]: Jüztomdyq. T 70: Qara öleñ. – Astana:Foliant, 2011. – 416 b. [in Kaz.]

[7] Van Deik T.A. Īazyk, poznanie, komunikasia [Language, cognition, communication]. – M.: Progres, 1989. – 310 s. [in Rus.]

[8] Babalar sözi [Word of ancestors]: Jüztomdyq. T 63: Tarihi jyrlar. – Astana: Foliant, 2010. – 456 b. [in Kaz.]

[9] Habieva A.A., Uäli N.M. Qazaq tūraqty söz tırkesteriniñ mädeni-tanymdyq mazmūny [Kazakh regular word cultural and cognitive content of phrases] // «Abylai han atyndaǵy QazHҚ jāne ÄTU Habarşysy» jurnalı, «Filologia ğylymdary» seriasy. – 2025. – Tom 73 №1. – B. 311-324. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.021> [in Kaz.]

КОГНИТИВНЫЙ АСПЕКТ КОНЦЕПТОВ «РАДОСТЬ» И «ПЕЧАЛЬ» В КАЗАХСКОЙ НАРОДНОЙ ЛИРИКЕ

*Испандиярова А.Т.¹, Досова А.Т.², Нурсеитова А.А.³, Акдаулетова Ж.А.⁴

*^{1,2,3,4} Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынұлы
Костанай, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается когнитивный аспект концептуальных структур в текстах казахской народной лирики. Когнитивная лингвистика формирует теоретико-познавательные основы познания общественных явлений и мира через язык. Данная статья посвящена анализу контрастных концептов *радости и печали*, имеющих большое значение в национальном мировоззрении казахского народа. В качестве объекта анализа выбраны исторические песни, кара өлең (стихотворение) и произведения любовной поэмы, вошедшие в сборник «Слова предков». Даются объяснения понятий *радость и печаль* по толковым словарям казахского языка, раскрывается их семантика.

Цель научного исследования – выявление проявлений концептов *радость и печаль* в языке казахской народной лирики. Раскрывая

когнитивные особенности языковых единиц, выражающих радость и печаль в фольклорных текстах, можно получить данные, отражающие народное представление об окружающей действительности, понять особенности культурного сознания и образа жизни. Основные направления – через анализ концептов радость и печаль в языке казахской народной лирики понять быт, мировоззрение и культуру народа того времени.

В ходе исследования были использованы общенаучные методы: аналитический, описательный, сравнительный и синтетический. В статье язык казахской народной лирики подвергся тщательному анализу. В ходе исследования были собраны и проанализированы фреймы, ментальные образы, сценарные и схемные структуры, раскрывающие значение концептов *радости и печали* в фольклорных произведениях. В данной работе впервые выявлены когнитивные особенности концептов *радость и печаль* в казахской народной лирике, проведён концептуальный анализ языковых единиц. Выводы и результаты работы вносят вклад в дополнение к теории изучаемых в вузах дисциплин стилистики и языковой культуры, когнитивной лингвистики, этнолингвистики, лингвокультурологии.

Научная ценность исследования определяется тем, что его результаты могут внести определённый вклад в дальнейшее углублённое развитие теории оценки результатов исследования.

Практическая основа статьи, по нашему мнению, заключается в её вкладе в пополнение исследовательской базы новых направлений языкознания, таких как когнитивная лингвистика, лингвокультурология, этнолингвистика. Концептуальный анализ, представленный в статье, может быть использован на специализированных семинарах, посвящённых изучению казахского фольклора.

Ключевые слова: народная лирика, фольклор, бытие, концепт, фрейм, язык, мировоззрение, народ, радость, понятие

THE COGNITIVE ASPECT OF THE CONCEPTS OF «JOY» AND «SADNESS» IN KAZAKH FOLK LYRICS

*Ispandiyarova A.T.¹, Dossova A.T.², Nurseitova A.³, Akdauletova Zh.A.⁴

*^{1,2,3,4} A.Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan

Abstract. The article examines the cognitive nature of conceptual structures in the text of Kazakh folk lyrics. Cognitive linguistics studies the formation of cognitive and theoretical foundations for cognition of social phenomena and the world through language. The article is devoted to the analysis of one of the most important concepts for the national worldview of the Kazakh people – the concepts of joy and sadness. The object of the analysis were historical poems, *kara olen* (poems), poems about love included in the collection “The Word of ancestors”.

Explanations of the concepts of joy and sadness were given in the explanatory dictionary of the Kazakh language and the meanings were revealed. The purpose of the scientific research is to identify the expression of the concepts of joy and sadness in the language of Kazakh folk lyrics. By revealing the cognitive nature of the joy and sadness linguistic units in folklore texts, we can gain access to linguistic data about the true world related to the vision, cultural cognition and way of life of the people. The main direction of the research during the analysis of the concepts of joy and sadness in the works of Kazakh folk lyrics was to learn the way of life and culture of the people of that era. The research used methods of analysis, description, comparison and conclusion. As a result, the language of Kazakh folk lyrics contributed to a thorough analysis, frames, a picture of the world, scenario and schematic structures were collected and analyzed, revealing the meaning of the concepts of “joy” and “sadness” found in the language of folklore works. They were also summarized and analyzed for the first time in our work, the cognitive nature of the concepts of “joy and sadness” in Kazakh folk lyrics was determined, and a conceptual analysis of linguistic units was carried out.

The conclusions and results of the work contribute to the theory of the disciplines of stylistics and linguistic culture, cognitive linguistics, and new areas of linguistics studied at universities. The scientific value of the study was determined by the fact that it can make a certain contribution to further in-depth analysis of the theory of evaluation of research results. We believe that the practical basis of the article is the contribution to new areas of linguistics, such as cognitive linguistics, linguoculturology, ethnolinguistics. The conceptual analysis of the article can be used at special seminars dedicated to Kazakh folklore.

Keywords: folk lyrics, folklore, being, concept, frame, language, worldview, people, joy, notion

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 14.11.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.09.2025.

Авторлар туралы мәлімет:

Испандиярова Айну́р Тюлю́геновна – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі Қостанай, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-5894-1549>, e-mail: ispandiarovaa@mail.ru

Досова Алма Тюлю́геновна – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті филология және практикалық лингвистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, Қостанай, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-7755-4894>, e-mail: almdosova@mail.ru

Нурсейтова Айшагүл Айдарбековна – А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Қостанай, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0007-2882-3729>, e-mail: a-nurseitova@mail.ru

Акдаулетова Жанар Ашимовна – А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, филология магистрі Қазақстан, Қостанай қ., <https://orcid.org/0009-0006-0578-2285>, e-mail: ermekbaev2010@mail.ru

Информация об авторах:

Испандиярова Айнур Тюлюгеновна – старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы, магистр гуманитарных наук, Костанай, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0001-5894-1549>, e-mail: ispandyarova@mail.ru

Досова Алма Тюлюгеновна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор кафедры филологии и практической лингвистики Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы, Костанай, Казахстан., <https://orcid.org/0000-0001-7755-4894>, E-mail: almdosova@mail.ru

Нурсейтова Айшагуль Айдарбековна – старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы, магистр гуманитарных наук, Костанай, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0007-2882-3729>, E-mail: a-nurseitova@mail.ru

Акдаулетова Жанар Ашимовна – старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы, магистр филологии, Костанай, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0006-0578-2285>, e-mail: ermekbaev2010@mail.ru

Information about the authors:

Ispandiyarova Ainur – senior lecturer of the Department of Philology and Practical Linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Master of Humanities, Kostanay, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-5894-1549>, e-mail: ispandyarova@mail.ru

Dosova Alma T. – Candidate Sci. (Philology), Associate professor of the Department of Philology and Practical Linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-7755-4894>, e-mail: almdosova@mail.ru.

Nurseitova Aishagul Aidarbekovna – senior lecturer of the Department of Philology and Practical Linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Master of Humanities, Kostanay, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0007-2882-3729>, e-mail: a-nurseitova@mail.ru

Akdauletova Zhanar Ashimovna – senior teacher of the Department of Philology and Practical Linguistics, Master of Philology, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0006-0578-2285>, e-mail: ermekbaev2010@mail.ru